

**Мектеп асханасына тегін ыстық тамақпен қамтылған
оқушылардан тамақтандыру мен тамақтандыруды ұйымдастыру
жұмыстарының сапасы жөнінде алынған сауалнаманың нәтижесі**

2025-2026 оқу жылы

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес **қазан айында** тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнаманы алудағы басты мақсат оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын сапалы ұйымдастыру, мектеп асханасына және берілетін тегін ыстық тамаққа оқушылардың көзқарастарын білу, асхана жұмысының кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтау.

Сауалнамаға 1-11 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылары қатысты, жалпы саны 10 оқушы.

Сауалнама төмендегідей сұрақтардан тұрды:

1. Сіз қаншалықты жиі мектеп асханасында тамақтанасыз?
2. Ыстық тағам сіздің оқу үлгеріміңізді жақсарттады деп ойлайсыз ба?
3. Дұрыс тамақтанбаудың қандай ауруларға апаратындығын білесіз бе?
4. Мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету тиімді деп санайсыз ба?
5. Мектептің асханасында тамақтың дайындалуы сізге ұнайды ма?
6. Асхана қызметкерлерінің сізге көрсеткен қызметіне көңіліңіз толады ма?
7. Асхананың жай-күйі эстетикалық көркемденуі сізге ұнай ма?
8. Тамақтану кестесін дұрыс деп есептейсіз бе?
9. Мектеп асханасында сізге сапасы нашар тамақ жиі беріледі ме?
10. Қандай тағамның түрлері сізге ұнайды?
11. Егер сіздің тамаққа көңіліңіз толмаса, нақты неге көбірек шағымданасыз?
12. Мектеп асханасында қандай өзгерістер болуын қалайсыз?
13. Сізге қандай сусындар ұнайды?

Нәтижесінде:

Оқушылардың көбісі мектеп асханасында жиі тамақтанады және басым көпшілігі ыстық тағам оқу үлгерімін жақсарттады деп ойлайды. Біршама оқушы дұрыс тамақтанбаудың салдары қандай ауруларға апаратындығын білемін деп жауап берген және мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету тиімді деп ойлайды. Асхана қызметкерлерінің қызметіне оқушылардың көңілі толады. Мектеп асханасында сізге сапасы нашар тамақ жиі беріледі ме деген сұраққа кейбір оқушылар «кейде» деп жауап берген, бұл сұрақ жайлы асхана қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қандай тағамның түрлері сізге ұнайды деген сұраққа көп оқушылар самса, синнабон, лакомка деп жауап жазды. Мектеп асханасында қандай өзгерістер болуын

қалайсыз деген сұраққа біраз оқушылар асхананың кең болғанын қалайды, себебі үзіліс кезінде кезек қатары өте көп созылатындығын айтуда.

Оқушылар сауалнамада мектеп асханасының жұмысын сапалы ұйымдастыру бойынша төмендегідей ұсыныстар көрсеткен:

1. Асханадағы өнімдердің бағасын төмендету;
2. Асханадағы қызметкерлердің санын көбейту.

Алынған сауалнамадан шығатын қорытынды:

- ✓ Мектеп асханасының эстетикалық жабдықталуы-өте жақсы.
- ✓ Мектеп асханасында тегін берілетін ыстық тамақтың сапасы – жақсы.
- ✓ Асхана қызметкерлері сыпайы.
- ✓ Мектеп асханасында ыстық тамақ уақытылы дайын болады.

Әлеуметтік педагог



Саденова Л.А.